



**ӘБУАҚАН** – Қызылқұмның солт.-шығыс бөлігіндегі құдық. Қызылорда обл. Жаңақорған ауд.-нда орналасқан. Тереңд. 20 м, су шығымы 1080 л/сағ. Құдықтың маңында қалың сексеуіл шоғырлары мен құмды тақыр топырағында жусан өседі.

**ӘЙЕТ БОКСИТ КЕНІ** – Қостанай обл. Таран ауд.-ндағы алюминий кентасы өндірілетін кен орны. Бокситті қабаттар мезозойдың үгілу қыртысында түзілген. Үгілу қыртысының табанында ішіне гранодиорит, диорит, порфирит интрузивтері енген тас көмір кезеңінің эктастары, аргиллиттері, жанартау-текті жыныстары жатыр. Карбонатты жыныстардағы эрозиялық-карст депрессиялары мен карст шұңқырлары сазға, лигнитке, бокситке, аллитке толған. Бұларды палеоген – антропоген кезеңінің құмы, сазы, саздақтары жауып жатыр. Кентас негізінен гиббситтен тұрады, сапасы әр түрлі, кен денелері линза, ұя пішінді, ұз. 50 – 600 м, ені 50 – 350 м, орташа қалыңд. 5,1 – 25,3 м, олар 15 – 48 м тереңдікте қалыптасқан. Кен құрамында 39 – 52% алюминий оксиді ( $Al_2O_3$ ), 7 – 19% кремний оксиді ( $SiO_2$ ) бар. Бокситтің абразивтік түрлері кездеседі. Ә. б. к. Павлодар алюминий 3-тының шикізат базасы болып табылады.

**ӘЙЕТ ТЕМІР КЕНІ**, Әйет темір кентасты алабы – Қостанай обл.-ның Әйет өңіріндегі темір кені тараған аймақ. Ол Торғай Бас темір кентасты алабы, Елтай – Қоржынкөл ауд. құрамына кіреді. Темір кентасының қалыңд. 3 – 5 м, кейде 9 м-ге дейін жетеді. Қабат бор жүйесінің төм. бөлімі мен палеозойлық үгілу қыртысының үстінде жер бетіне жақын жатыр. Кеннің барланған бөлігіндегі темірдің орташа мөлш. 37,1%. Кентас құрамында 16% күкірт, 0,39% фосфор бар. Бұл кен Қазақстан қара металлургиясының негізгі шикізат базасы болып табылады.

**ӘЙКЕ** – Ақтөбе обл. Әйтеке би ауд. Әйке а.-ның батысында орналасқан тұйық көл. Торғай үстіртінің солт.-ндегі, Сыпсыңағаш қолатында. Аум. 31 км<sup>2</sup>, теңіз деңгейінен 244,1 м биіктікте жатыр. Су жиналатын алабы 2010 км<sup>2</sup>. Ұз. 18 км, енді жері 2,3 км. Қуаңшылық жылдары құрғап қалады. Көлге 5 маусымдық ағын сулар құяды. Алабы мал жайылымы, шабындық ретінде пайдаланылады. Қарашаның аяғында суы катып, сәуірдің аяғында ериді.

**ӘЙКЕН** (*Lathyrus*) – бұршақтар тұқымдасына жататын бір немесе көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанда 12 түрі өседі. Олар далалық, шалғын-

дық, егістік жерлерде, бұталы өсімдіктер арасында кездеседі. Ең көп тараған түрі – түйнекті Ә. (*L.tuberosus*). Оның биікт. 30 – 100 см, тамыры түйнекшеленген ұзын, сабақтары қырлы келеді, тік немесе өрмелеп өседі. Қосарланған жапырақшалары ұсақ, гүлдері хош иісті, күрең қызыл түсті болады. Маусым – шілде айларында гүлдеп, тамыз – қыркүйекте жеміс береді. Жемісі – бұршақ тәріздес. Ә. – бағалы мал азығы, сабағынан пішен және сүрлем дайындайды. Тұқымында 28 – 30% белок болады. Сондықтан тағамға да пайдаланады.

**ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ** – Ақтөбе обл.-ның солт.-шығыс бөлігіндегі әкімш. бөлініс. Жер аум. 36,3 мың км<sup>2</sup>. Тұрғыны 31,3 мың адам, орташа тығызд. 1 км<sup>2</sup>-ге 0,8 адамнан келеді (2010). Аудан орт. – Комсомол а. Аудан 1996 жылға дейін Қарабұтақ ауд. аталды. Ауданда 50-дей елді мекен бар. Олардың ірілері: Аралтоғай, Аралтөбе, Бөгетсай, Қарабұтақ, Жабасак, Құмқұдық а.-дары. Аудан жері негізінен үстіртті жазық (биікт. 100 – 400 м) келеді. Солт.-шығысын Мұғалжар тауы алып жатыр. Климаты тым континенттік, қысы суық, жазы ыстық. Қаңтардың орташа темп.-расы –17°С, шілдеде 22°С. Жауын-шашынның жылдық мөлш. 200 – 250 мм. Аудан жерінен солт.-тен оңт.-ке қарай Ырғыз өз. және оның Қарабұтақ, Қайрақты, Шолаққайрақты, Ұлыталдық, Балаталдық, т.б. салалары ағып өтеді. Аудан аумағында Белқопа, Әйке, Тегіссор көлдері бар. Аудан жері негізінен қоңыр, қызғылт қоңыр топырақты келеді. Өсімдіктерден боз, бетеге, жусан, қамыс, киікоты, жоңышқа, изен, тобылғы, көкпек, қараған, алабота өседі. Жануарлардан түлкі, қарсақ, қоян, қасқыр, күзен, борсық, ақ бекен, киік; құстардан қаз, үйрек, тырна, дуадақ, жылқышы,



Аудандағы Әйке көлі

таукүдірет, балықшы, қызғыш, қарақұс, жапалақ, бозторғай, бүркіт, т.б. мекендейді. А. ш-на жарамды жер аум. 188,9 мың га. Оның ішінде егістік 69,3 мың га, шабындық 4,3 мың га, жайылым 835,8 мың га. Аудан жері арқылы Қостанай – Ақтөбе т. ж., Қызылорда – Ақтөбе автомобиль жолдары өтеді.


**ӘЛИТАУ** – Мұғалжар тауының оңт. сілемдерінің бірі, Ақтөбе обл. Байғанин ауд. жерінде орналасқан. Абс. биікт. 354 м, ұз. 5 км, ені 3 км. Етегінің жер бедері жыралы-сайлы келеді. Бор-палеоген кезеңдерінің бор-мергельді және құмдақты-саздақты шөгінділерінен түзілген. Сортаң келген топырағында тасбұйырғын, боз жусан, баялыш, құйреуік сияқты жусанды-соранды өсімдіктер өседі.

**ӘЛІБЕКМОЛА МҮНАЙ КЕНІ**, Ақтөбе обл. Темір ауд.-ндағы кен орны. Ақтөбе қ-нан оңт.-ке қарай 240 км жерде орналасқан. Кен орны 1988 ж. ашылған.

Ол тектоник. бұзылыс нәтижесінде оқшауланған антиклинальдық иілмді алып жатыр. Сейсмик. зерттеулер бойынша құрылым өлшемдері 17×5 км, биікт. 450 м. Өнімді қабаттар тас көмір кезеңінің әктасты шөгінділерінде түзілген. Коллектордың кеуектілігі 6,5 – 12,1%, мұнай сіңімділігі 70 – 81,8. Бастапқы қабат қысымы 31,3 МПа, темп-расы 70°С. Ұңғыманың тәуліктік өнімд. 269 м<sup>3</sup>. Мұнайдың менш. салм. 0,845 г/см<sup>3</sup>, құрамында күкірт (1,31), парафин (8,08%), шайыр (5,61%) бар. Мұнайлы қабаттардың режимі – арынды серпінді-сулы келеді.

**ӘҢГІРЕН** – Ертіс алабындағы көл. Павлодар обл. Баянауыл ауд. Майқайың кентінен солт.-батысқа қарай 10 км жерде орналасқан. Теңіз деңгейінен 204,9 м биіктікте. Аум. 7,7 км<sup>2</sup>, ұз. 4 км, енді жері 2,9 км. Жағалау бойының ұз. 18 км. Оңт.-батысынан Қарасу өз. құяды. Қоңыр қызғылт және шалғынды топырағында жусан, боз, селеу, қозықұлақ, қылқұрт, т.б. шөптесіндер өседі. Жағасы жазық келген. Мал жайылымына пайдаланылады. Екібастұз – Майқайың автоб. жолы өтеді.

**ӘСЕМ ШЫМШЫҚ** (*Leptoroesile sorphiae*) – торғайтәрізділер отряды, шөжелер тұқымдасына жататын құс. Қазақстанда мекендейтін шымшықтардың ең кішкентайы. Тянь-Шань мен Жетісу (Жоңғар) Алатауында тараған. Арша мен шырша өскен ормантоғайларды мекендейді. Қанатының ұз. 4,5 – 5,5 см, салм. 6 – 9 г. Денесінің түсі көгілдір көк, күлгін, қызғылт, басы күрең келеді. Ұябасарының түсі сәл көмескілеу болады. Даусы сыңғырлаған. Жазда теңіз деңгейінен 2400 – 3000 м биіктікте мекендесе, ал қыста 800 – 1000 м-ге дейін төмен түседі. Ә. ш. – отырықшы құс. Көктемде жұптасып, қыс түсе қосқан, топталып тіршілік етеді. Ағаш қабығы мен өз мамығынан жасалған шар тәрізді ұясын арша мен шырша бұтақтарының арасына салады. Оның түбіне мамық қауырсындарын төсейді. Ұяға қызғылт теңбілді ақ түсті 5 – 8 жұмыртқа салып, 14 – 17 күнде кезектесіп басып, балапандарын шығарады. Шөжелері жәндіктердің жұлдызқұрттарымен, масамен, шыбын-шіркейлермен, ал ересектері түрлі жәндіктермен, өсімдік тұқымдарымен, жемістерімен қоректенеді. Ә. ш. – әсемдік үшін және сайрағыш құс ретінде қолда да ұсталады, жәндіктерді жойып, орманға пайда тигізетін құс. Ә. ш.-тың саны аз болғандықтан қорғауға алынып, Алматы обл.-ның «Қызыл кітабына» енгізілген.



Әсем шымшық

**ӘУЕЗОВ ШЫҢЫ**, Алматы обл. Талғар ауд.-нда, Іле Алатауы жоталарының тоғысқан жерлерінде орналасқан. Абс. биікт. 4200 м. Шыңның солт.-батысқа қарай



Әуезов шыңы

созылып жатқан сілемі Ақсай мен Мыңжылқы өзендерінің аңғарларын бөліп тұр. Шыңға алғаш рет 1949 ж. В.Н.Колодяж бастаған альпинистер тобы көтерілген.

**ӘУЛИЕ** – Қарақуыс тауының оңт.-шығысындағы тау. Павлодар обл. Баянауыл ауд.-нда орналасқан. Абс. биікт. 1055 м. Қызғылт қоңыр топырағында бұталы ағаштар, жусан, астық тұқымдас шөптесіндер өседі. Ә. тауынан Елубай өз. бастау алады. Жанында Қобдық, Бабалы кыстаулары бар.

**ӘУЛИЕАҒАШ**, Керімағаш – жергілікті халық мінәжат етіп, қадір тұтатын киелі ағаш. Алматы обл. Панфилов ауд. жерінде. Ағаштың өмір жасы 7 ғ-дан бастау алатыны жөнінде деректер айтылады. Жер шарында бір сызықтың бойында жатқан 3 ағаштың бірі есептелінеді. Жергілікті халық ағаштың саясына тыныққан адамдар жағымсыз энергиядан арылып, бедеулік секілді аурулардан жазылады деп сенеді. Ә. тамырынан өнген 7 ағаш оның балалары саналып, бірі қобыз сарыны, су сылдыры, жүрек лүпілі, т.б. дыбыстар шығарады-мыс. Ағаш өсіп тұрған ауыл қазір Ә. аталады.

**ӘУЛИЕАТА АҚҚАҢБАҒЫ** (*Gypsophila aulieatensis*) – қалампырлар тұқымдасына жататын аққаңбақ туысының бір түрі, көп жылдық шөптесін өсімдік. Қаратау адырлары мен Мойынқұмның тастақты, балшықты жерлерінде өседі. Шоғырлана өскен сабағының биікт. 40 – 50 см. Жапырақтары ұзынша үшкір болады, ерте түседі. Гүлдері ақ түсті келеді. Тұқымынан көбейеді. Шілде – тамыз айларында гүлдеп, тамыз – қыркүйекте жеміс береді. Жеміс қорапшасы домалақ, тұқымы ұсақ болады. Ә. а. сирек кездесетін өсімдік болғандықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

**ӘУЛИЕАТА САРЖАУЫ** (*Trichanthesis aulieatensis*) – күрделігүлділер тұқымдасына жататын саржау туысының бір түрі. Ол Қаратау, Батыс Тянь-Шань жоталарының қиыршықтасты беткейлерінде, жартастарында, орта белдеуінде өседі. Биікт. 20 – 40 см. Көп сабақты, сабағы түп жағынан сүректеніп, тармақталып өседі. Сағақты жапырақтары ұзынша, қауырсынданып тілімденген. Гүлсәбеті дара гүлді, күлтесі ақ қызыл түсті болады. Тұқымынан көбейеді. Мамыр – маусым айларында

гүлдеп, жеміс береді. Ә. с. – өте сирек кездесетін сәндік өсімдік. Ақсу-Жабағылы қорығында қорғауға алынған. Таралу аймағының жылдан-жылға азаюына байланысты Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. **ӘУЛИЕБҰЛАҚ**, Әулие қыз бұлағы – Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Баршата елді мекенінен батысқа қарай 110 км жерде, Жорға тауының солт. беткейінен ағып шығып жатқан шипалы қайнарлар. Таудың кварцит және порфирит жыныстарының тектоник. жарылым бойымен жер бетіне шыққан үш бұлақ қосылып (ағын мөлш. 0,17 л/с), жылға болып ағып жатады. Суы мөлдір, дәмі қышқылтым (рН=3), температурасы 6–9°C, минералд. 0,7–0,9 г/л, хим. құрамы сульфатты магнийлі. Суында темір (90–100 мг/л), алюминий (15 мг/л), мыс (4,3 мг/л), т.б. бар. Бұлақ суынан көмір қышқыл газы шығады. Ә-тың суы хим. құрамы жағынан Карелиядағы (Ресейде) әйгілі «Марциалдық су» курортының шипалы бұлақтарына өте ұқсас. Ә. суын қан толықтыру, қан айналымын жақсарту мақсатында пайдалануға болады.

**ӘУЛИЕКӨЛ АУДАНЫ** – Қостанай обл-ның орт. бөлігіндегі әкімш. бөлініс. Жер аум. 11,7 мың км<sup>2</sup>. Тұрғыны 47,5 мың адам, орташа тығызд. 1 км<sup>2</sup>-ге 4 адамнан келеді (2010). Аудан орт. – Әуликөл а. 1928 ж. Семиозер ауд. болып құрылған, 1997 жылдан Ә. а. аталады. Аудан жерінің басым бөлігін жазықтық және қазаншұңқырлы-көлді өңір алып жатыр. Аудан аумағы оңт.-батысында Торғай үстіртімен (абс. биікт. 250 м), шығысында Торғай қолатымен (абс. биікт. 115 м) шектеседі. Кен байлықтарынан қоңыр көмір, көмір, отқа төзімді саз, боксит кездеседі. Климаты тым континенттік, қысы суық, жазы ыстық. Қаңтар айындағы орташа темп-ра –18–19°C, шілдеде 21–22°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 260–280 мм. Жер беті суларын ауданның солт.-батыс бөлігі мен Торғай қолатындағы көлдер, Обаған өз-нің жоғ. салалары, Шилі өз. құрайды. Ірі көлдері: Құсмұрын, Шилі, Қарасор, Аласор, Сұлукөл, Шұбанкөл, т.б. Топырағы қара, қара қызғылт, қоңыр, құмдақ болып келеді. Селеу, көкпек, жусан, т.б. шөптесіндер өседі. Ауданның шығысында Басаман, Аманқарағай орман алқабы бар. Жабайы жануарлардан қасқыр, түлкі, қоян, сарышұнақ, орманды өңірінде тиін, елік, бұлан; құстардан шіл, қарақұр, бүркіт, кезқұйрық, қаз, үйрек, аққу, тырна, қызғыш, таукүдірет, шымшық, бозторғай, т.б. мекендейді. А. ш-на жарамды жерінің аум. 1,1 млн. га, оның ішінде: 336,5 мың га егістік, 18,2 мың га шабындық, 624,8 мың га мал жайылымы бар (2008).



Аманқарағай орманы

**ӘУЛИЕТАС** – үңгір. Алматы обл. Сарканд ауд. жерінде. Лепсі кентінен 20 км жерде Балқаш көлінің жағасында орналасқан. Аум. 75 м<sup>2</sup>. Үңгірдің кіре берістегі бөлмесінен кейін, тағы да кішірек екі бөлмесі бар. Екінші бөлмеге еңбектеп кіруге болады. Оның төбесіндегі 5–6 м қалың тастан еденіне сәуле түседі, тамшы тамады. Ә-ты жергілікті тұрғындар қасиетті, киелі орын санайды. Балқаш көлінде демалушылар да осы орынға тәу етіп, шапағат-шипа тілейді.

**ӘУЛИЕТӨБЕ** – Қарағанды обл. Осакаров ауд-ның шығыс бөлігінде, Молодежный кентінен солт.-шығысқа қарай 10 км жерде, Ертіс-Қарағанды каналының оң жағалауындағы шоқы. Ең биік жері 571 м. Оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 3,5 км-ге созылып жатыр, ені 2,5 км. Тас көмір жыныстарынан түзілген. Қызғылт қоңыр топырағында жусан, бетеге, қызыл селеу, сұлыбас, қозықұлақ, т.б. өседі.

**ӘУЛИЕШОҚЫ** – Қалба жотасының солт.-нде Қызылсу өз. аңғарындағы тау. Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд-нда орналасқан. Абс. биікт. 791 м. Беткейі жонды-қырқалы келген. Таудың қара, қызғылт топырағында бұталы өсімдіктермен қатар сұлыбас, боз, селеу, бетеге өседі.



Әулиешоқы тауы

**ӘУЛИЕШОҚЫ** – Қарағанды обл. Шет ауд. жерінде, Ақшатау а-ның шығыс жағында орналасқан тау. Солт.-тен оңт.-ке қарай созылып жатыр, ұз. 8 км, ені 3 км. Солт. және шығыс беткейлері тегіс, жұмыр оқшауланған ұсақ шоқылы. Ең биік жері 926 м. Шығыс тау етегінде қорым тастар мол жиналған. Силур жүйесінің жоғ. бөлімі жыныстарынан түзілген. Нашар дамыған қоңыр топырақ жамылғысында жусан, сұлыбас, бетеге, бұта өседі. Жазғы, қысқы мал жайылымына пайдаланылады.

**ӘУШІЛДЕК**, көлбұқа (*Botaurus stellaris*) – ұзын сирақтылар отрядының құтан тұқымдасына жататын құс. Өзен-көл жағасын, қалың қамыс арасын мекендейді. Түсі сарғылт, маңдайы, төбесі және желкесі қара қоңыр, көзінің алды жасыл сары түсті болады. Қанатының ұз. 320–350 мм, салм. 900 г-ға дейін жетеді. Жемін аулауға түнде шығады, бақа, итшабақ, ұсақ балықтармен және су жәндіктерімен қоректенеді. Көбейер кезде ғана жұптасып, басқа уақытта жеке тіршілік етеді. 2–3 қоңырқай жұмыртқасын қамыс-қопа ішіндегі ұясына салады. Балапандары екі айлығында ұшады. Ә. – жыл құсы. Наурыз – сәуірде Қазақстанға ұшып келіп, қазан айында жылы жаққа қоныс аударады. Ә. жемсауына су толтырып алып, қайта шығарғанда ерекше дыбыс естіледі, аты соған байланысты аталған.



126

**БАБАЛЫ** – Әулие тауының оңт.-шығысындағы тау. Павлодар обл. Баянауыл ауд.-нда орналасқан. Абс. биікт. 528 м. Дөңгелек пішінді таудың шығысынан Түндік өз. ағып өтеді. Бозғылт топырағында бұта аралас сұлыбас, боз, селеу, т.б. шөптесіндер өседі.

**БАБАТОҒАН** – Алматы обл.-ндағы Шілік өз.-нің Қапшағай бөгеніне құяр тұсындағы төрттік кезеңнің шөгінділерінен түзілген жазық. Ұз. 15 – 18 км, ені 5 – 7 км. Теңіз деңгейінен 495 – 510 м биіктікте жатыр. Қапшағайға жақын ойысты жерлерінің сортаң тартқан шалғынды топырағында қамыс, ортасының дөнесті сортаңдау топырағында ши мен жусан араласқан сирек тоғайлар мен бұта шоғырлары өседі.

**БАБЫҚБҰРЛЫҚ** – Есіл алабындағы өзен. Солт. Қазақстан обл. Айыртау ауд. жерінде. Есіл алабында. Ұз. 84 км, су жиналатын алабы 1320 км<sup>2</sup>. Көкшетау қыратының солт. бөлігінен басталып, Рухловка а.-ның оңт.-нде Аққанбұрлық өз.-не құяды. Өзеннің 8 саласы бар. Қар, жауын-шашын суларымен толығады. Суы қараша айының басында қатып, сәуірдің аяғында ериді.

**БАҒАНАЛЫ** – Қазығұрт жотасының батыс бөлігіндегі тау. Оңт. Қазақстан обл. Қазығұрт ауд.-нда орналасқан. Таудың беткейі дөңгелек, жайпақ келген. Абс. биікт. 875 м. Жонды-қырқалы баурайындағы сұр топырағында қоңырбас, жалбыз, т.б. эфемерлі өсімдіктер өседі.

**БАҒАТАЙ-БЕНІКЕ** – Каспий ойпаты, Өліқолтық сорының шығысындағы ойыс. Маңғыстау обл. Бейнеу ауд. жерінде. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 35 – 38 км-ге созылған, ені 9 – 10 км. Теңіз деңгейінен




Бағатай-Беніке ойпаты

57 м төмен жатыр. Олигоцен және төрттік жүйе шөгінділерінен түзілген. Сұр және бозғылт сортаң топырағында бұйырғын, тасбұйырғын, жусан басым өскен.

**БАҒЫРЛАЙ** – Жайық алабындағы өзен, Жайықтың оң тармағы. Батыс Қазақстан обл.-ның Ақжайық және Атырау обл.-ның Индер аудандары арқылы өтеді. Ұз. 239 км, су жиналатын алабы 2 мың км<sup>2</sup>. Базартөбе а. тұсында Жайықтан бөлініп шығады да, онымен қатарласа оңт.-ке қарай ағады. Тереңқызыл көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады. Аңғары мен арнасы кең, батыс жағысы жарлы болып келеді. Жылдық орташа су ағымы 2,1 м<sup>3</sup>/с. Желтоқсан – сәуір айлары аралығында бетіне мұз қатады. Суы тұщы, лайлы. Жайылмасы шабындыққа пайдаланылады. Өзен бойында аум. 5,5 км<sup>2</sup> Бағырлай бөгені салынған (1965).

**БАҒЫРЛАЙСАЙ** – Жайық алабындағы өзен, Жайықтың оң тармағы. Атырау обл.-ның Махамбет ауд. арқылы өтеді. Ұз. 132 км, су жиналатын алабы 904 км<sup>2</sup>. Ақжайық а. тұсында Жайықтан бөлініп шығады да оңт.-батысқа қарай ағып, Жалтыр көліне құяды. Жауын-шашын және Жайықтың жайылма суымен толығады. Аңғары кең, оң жағалауы тік жарлы. Желтоқсан – сәуір айларында суы қатады. Жайылмасында шабындық алқаптар бар. Суы – тұщы.

**БАДАМ** – Арыс алабындағы өзен, Оңт. Қазақстан обл. Сайрам, Ордабасы аудандары аралығында. Ұз. 141 км, су жиналатын алабы 4329 км<sup>2</sup>. Қаржан (Қоржын) тауынан бастау алып, Арыс өз.-не құяды.



Бадам өзені

Қар, жаңбыр суларымен толығады. Көктемде тасиды. Жылдық орташа су ағымы 4,51 м<sup>3</sup>/с. (Қарааспан каналы тұсында). Өзен бойындағы Бадам бөгені мен каналдар арқылы Сайрам, Ордабасы аудандарының егістігі мен бау-бақшалары суғарылады. Шымкент қ.-ның кәсіпорындары сумен қамтамасыз етіледі. Өзеннің пайдалануға болатын энергет. қоры мол.

**БАДАМ БӨГЕНІ**, Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд.-нда, Бадам, Тоғыз, Сайрамсу өзендерінің тоғысқан жерінде орналасқан. Төле би, Сайрам аудандары жерін суландыру мақсатында 1974 ж. іске қосылған. Аум. 4,75 км<sup>2</sup>, көл. 59 млн. м<sup>3</sup>, ең терең жері 42,6 м. Топырақтан үйіліп жасалған бөгетінің биікт. 42 м, ені 10 м. Діам. 1,2 м. Қос құбыр арқылы 13 м<sup>3</sup>/с су ағымы өтеді.

**БАЖЫ** – Қаратау жотасының солт.-батыс сілеміндегі асу. Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд.-нда. Теңіз дең-